

**Астана қаласы әкімдігінің «№107 мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижелері бойынша**

ТАЛДАМАЛЫ АНЫҚТАМА

Астана қаласы әкімдігінің «№107 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің келесі құрамымен жұмыс тобы құрылды: директор Бейсенбина Айгуль Базарбаевна, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жанадилов Наурыз Шамелулы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қайырбек Гүлсая Ондасқызы, кәсіподақ төрайымы Жаңаберген Бекманат Нұрыллақызы, тарих пәні мұғалімі Смагулова Лаура Болатовна. 2025 жылғы 23 қаңтарда Астана қаласы әкімдігінің «№107 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Мекеме) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жұмыстары Астана қаласы әкімдігінің «№107 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының (2024 жылғы 12 желтоқсандағы, №50 бұйрығы) бұйрығы негізінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V бабына сәйкес жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі тарапынан бекітілген әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды.

Талдау барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы және басқа да нормативтік құқықтық актілер мен Мекеме Жарғысы басшылыққа алынды.

**I. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Мекеме құрылымы келесіден тұрады:

1. әкімшілік;
2. кадрлық жұмыстар мен іс қағаздарын жүргізу;
3. қаржылық бөлігі (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу);
4. оқу-тәрбие бөлімі мен цифрландыру;
5. техникалық-шаруашылық бөлімі.

2. Мекеме қызметін талдау барысында нормативтік-құқықтық актілер мен құқықтық актілердің нормаларына сәйкессіздіктердің жоқтығы анықталған.

**II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Қызметшілерді басқару, оның ішінде кадрлардың алмасушылығы.

Мекеменің штаттық кестесі Астана қаласының Білім Басқармасы» ММ басшысымен 2024 жылдың «25» қыркүйек күні бекітілген. Талдау жасаған сәтінде Мекеме қызметкерлерінің нақты саны 36 адам құрап отыр, вакансия 3 (вакансия бойынша өтінімдер «Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту Орталығы» КММ-не беріледі, одан кейін Мекеме сұхбаттау жұмыстарын жүргізеді.

Талдау мезгілі аралығында ҚР Еңбек кодексінің 56.1 т. сәйкес өз еркімен 11 қызметкер жұмыстан босатылды.
Жұмыс беруші бастамасымен ҚР Еңбек кодексінің 6 т. сәйкес 0 қызметкер жұмыстан босатылды.

Осылайша, 2024-2025 жылдың қараша-қаңтар кезеңі ішінде таза алмасушылық 9 % (11) құрап отыр.

Алмасушылыққа қатысты «командалық орын ауыстырулар» анықталмаған.
2024 жылдың қараша-қаңтар кезеңі ішінде 60 қызметкер қабылданды.

2. Мүдделер қайшылығы

Астана қаласы әкімдігінің «№107 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мүдделер қайшылығын жоюға бағытталған іс-шаралар жүргізіліп, бақылау жұмыстары жалғасуда.

3. Мемлекеттік қызметтерін көрсету

Мемлекеттік қызметтерін көрсетуге байланысты міндеттері:

Мекеме көрсететін мемлекеттік қызметтер тізбесін көрсету:

1. Білім мекемесінің бос орындарына құжаттар қабылдау;
2. Негізгі орта білім туралы құжаттың дубликатын беру;
3. Үйде оқыту.

(Мемлекеттік қызметті көрсету) мемлекеттік қызметі бойынша артық құжаттар анықталды (мекен-жай анықтамасы, ата-аналарының куәліктері, жұмыс орнынан анықтама, т.б.)

4. Мекемеге түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Жеке және заңды тұлғалар өтініштеріне байланысты Мекеме жұмысы 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

Өтініштерді қабылдау бағыты бойынша жүргізілетін жұмыс жағдайына талдау өткізілді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы түрде қарастыруды қамтамасыз етілуде, бақылауды күшейту және

өтініштерді қарастырудың белгіленген уақытын бұзу жағдайлары болдырмауға байланысты шаралар қолданылуда.

2024 жылдың қараша-қаңтар кезеңі ішінде азаматтардан ауызша 0 және жазбаша 0 өтініш түсті.

2024 жылдың қараша-2025 жылдың қаңтар кезеңі ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуына байланысты Мекеме басшысы мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне байланысты азаматтардан ауызша және жазбаша өтініштер түскен жоқ.

5. Жемқорлыққа қарсы іс-қимылына байланысты алдын алу іс-шаралары

Қазақстан Республикасының 2024-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жоспарын жүзеге асыру аясында тоқсан сайын қызметкерлер мен оқушыларға арналған дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіледі. (дөңгелек стол-1, семинар-1, дебат-2, сынып сағаты-2)

6. Мемлекеттік сатып алу

Мекеме оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдары жайлы Интернет-ресурстарындағы арнайы тарауларынан қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді. «25» қараша күні білім беру мекемесінде сатып алу бойынша бақылау кеңесі құрылды.

Мемлекеттік сатып алу аясында барлық келісім-шарттар веб-портал арқылы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына нормалары сақтала отырып жасалған. Осы кезде дейін барлығы _____ келісім-шарт жасалды.

7. Қорытындысы

Талдау жасаған кезең ішінде қызметкерлермен қызметтік, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық және қылмыс жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталмаған.

Жұмыс тобы:

Директор: Бейсенбина Айгуль Базарбаевна

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Жанадилов Наурыз Шамелович

Директордың бейімділік оқыту ісі жөніндегі орынбасары: Мерсейіт Дана Қалдыбекқызы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қайырбек Гүлсая Ондасқызы

Кәсіподақ төрайымы: Жаңаберген Бекманат Нұрыллақызы

(Білім беру ұйымының толық атауы)

_____ (қолы)

_____ (Аты-жөні)